

14 Ubniyazova Sh. *Okytu uderisinde diam negizindegi studentterdin toleranttylygyn kalypstru filos. doc. (PhD) ... dis. - Almaty, 2013. - 170 b.*

15 Moldir Seidina, Irina Karabulatova, Zinaida Polivara, Anastasia Zinchenko. *Publicist sermone islamica institutis centralis districtus foederalis russia et exitus tolerantia. CENTRAL ASIA ET caucasum Acta civilibus et Politicis Studiis //-2017. –V. 18. Iss.1. - P. 109-118.*

16 Manuilov Yu.S. *Rationis fundamenta environmental adventu in educatione // Vestnik Universiteta Rossiyskoy akademii obrazovaniya. 2003. № 1. - Pp. 36-68.*

МРНТИ 14.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.33>

Г.Ф. Арынова¹, Г.И. Уайсова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушысы дамуының әлеуметтік-педагогикалық жағдайы қарастырылған. Әр жастың өзіндік психологиялық, физикалық және әлеуметтік даму деңгейі болатыны айтыла келіп, сырты әлеуметтік балалардың ішкі әлеуметтілігін дамытудың басты шарты екені көрсетілген. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытуда мектептегі оқу іс-әрекеті жетекші рөл атқаратыны және сол арқылы баланың қоғаммен негізгі қатынастары жүзеге асырылатындығына тоқталған.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, кез-келген жастың нақты, ерекше және қайталанбайтын әлеуметтік даму жағдайы болатыны және дәл осы жағдай балаларды алға жылжытудың формасы мен жолдарын анықтауға мүмкіндік беретіні айтылған. Сонымен қатар баланың дамуы көбінесе қоршаған орта жағдайларына байланысты болатындықтан, олардың бұл дамуды ынталандыруы немесе керісінше тежеуі мүмкін екені баяндалған.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, даму кезеңдері, әлеуметтік-педагогикалық жағдай, оқу іс-әрекеті, интеллектуалды даму деңгейі, оқушы тұлғасы, қарым-қатынас.

Арынова Г.Ф.¹, Уайсова Г.И.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В статье рассматриваются социально-педагогические условия развития учащихся начальных классов. Каждый возраст имеет свой уровень психологического, физического и социального развития, а также, отмечено, что внешний социальный фактор является основным условием развития внутренней социальности у детей. Школьная деятельность играет ведущую роль в развитии социального интеллекта учащихся начальных классов и, следовательно, в формировании основных взаимоотношений ребенка с обществом.

По мнению ученых, любой возраст имеет свое уникальное и неповторимое условие социального развития. Именно эти условия позволяют определить формы и пути развития детей. Поскольку развитие ребенка часто зависит от условий окружающей среды, эти условия могут как стимулировать развитие, так и тормозить.

Ключевые слова: начальные классы, периоды развития, социально-педагогические условия, школьная деятельность, уровень интеллектуального развития, личность учащегося, взаимосвязи.

G.G. Arynova¹, G.I. Uaisova¹
¹Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

SOCIO-PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING PRIMARY SCHOOL PUPILS

Abstract

This article examines the socio-pedagogical conditions for developing of primary school pupils. Each age has its own level of psychological, physical and social development, and it is also noted that the external social factor is the main condition for the development of internal sociality in children. School activities take a leading role in the development of the social intelligence of primary school pupils and, therefore, in the formation of the child's basic relationship with society.

According to scientists, any age has its own unique and unrepeatable condition for social development. It is these conditions that make it possible to determine the forms and ways of development of children. Since a child's development is often dependent on environmental conditions, these conditions can both stimulate and inhibit development.

Keywords: primary school, periods of development, socio-pedagogical conditions, school activities, level of intellectual development, student personality, relationship.

Кіріспе. Бастауыш сынып оқушысының жасы психологиялық кезеңдеу тұрғысынан алғанда 6 жастан 11 жасқа дейін созылады (А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин және басқалар), педагогикалық кезеңдеу тұрғысынан – 6 жастан 10 жасқа дейін (Я.А. Коменский, Б.Д. Лихачев, И.П. Подласый және т.б.). Әр жастың өзіндік психологиялық, физикалық және әлеуметтік даму деңгейі болады. Педагогикалық кезеңдеудің негізі, бір жағынан, жеке тұлғаның психикалық және физикалық даму кезеңдерінен, ал екінші жағынан, дамудың жүретін жағдайларынан тұратындығын атап өткен жөн. Ғалымдар бұл жиынтықты дамудың әлеуметтік жағдайы деп атайды.

Л.С. Выготскийдің айтуынша, сыртқы әлеуметтілік (әлеуметтік өзара әрекеттесу, әлеуметтік орта) бүлдіршіндердің ішкі әлеуметтілігін көрсетудің шарты болып табылады. «Интериоризация» термині сыртқы күйдің ішкі күйге өту процесінде қолданылады. Қарым-қатынас, әлеуметтік таным және бірлескен іс-әрекет арқылы жеке тұлғаның сыртқы әрекеті ішкі психикалыққа айналады, ал сыртқы талаптар іштей тежеуге айналады, ал іс-әрекеттің құралдарын, мотивтері мен мақсаттарын басқа адамдардың ықпалынсыз субъект өзі игереді және анықтайды. Адамның санасында «орныққан», интериоризацияланған білім, мінез-құлық тәсілдері, әрекет ету нормалары мен әдістері экстериоризациялануы мүмкін, яғни айналадағыларға ұсынылып, басқа адамдармен бірлескен іс-шараларында қамтылуы мүмкін [1, 102].

Л.С. Выготский бүлдіршіндердің психологиялық дамуы әлеуметтік орта жағдайында іске асатындығын айтады. Бұл бір жағынан, баланың дамуының шығармашылық күші бастау алатын әлеуметтік бағытталған процесс екеніне баса назар аударды. Осы тәсілге байланысты Л.С. Выготский «дамудың әлеуметтік жағдайы» терминін енгізді, ол әр жас кезеңіне тән болатын және оның барлық барысында психикалық дамудың динамикасын анықтайтын дамудың ішкі процестерін сыртқы жағдайлармен байланысты, сонымен бірге осы кезеңнің соңында пайда болатын жаңа, ерекше психологиялық формацияларды ерекше үйлестіру деп атап көрсетті [1, 90].

А.Н. Леонтьев оқушының әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі объективті орнын анықтайтын субъект пен қоршаған орта арасындағы байланыс түрінде дамудың әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ қоғамның оған қоятын сәйкесінше талаптарын қарастырып, дамудың қандай да бір «идеалды формасын» анықтайды. Дамудың әлеуметтік ахуалы белгілі бір жастағы бала мен әлеуметтік орта арасындағы қатынастар жүйесі ретінде, белгілі бір кезеңде дамуда болатын барлық динамикалық өзгерістердің бастапқы нүктесі ретінде әрекет етеді [2, 420].

Кез-келген жастың нақты, ерекше және қайталанбайтын әлеуметтік даму жағдайы болады. Осыны ескеру арқылы ғана белгілі бір психологиялық өзгерістердің қалай пайда болатынын және дамитынын түсінуге болады, бұл балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дамудың нәтижесі болып табылады [3,112]. М.В. Матюхинаның пікірінше, бастауыш сынып оқушылары дамуының әлеуметтік жағдайы, балалар мен ересектер арасындағы қазіргі қатынастар жүйесі баланың осы жас кезеңінде дамуы

барысында болатын барлық өзгерістердің бастауы болып табылады. Бұл әлеуметтік дамудың жағдайы балаларды алға жылжытудың формасы мен жолдарын, олардың іс-әрекет түрлерін, алынған психикалық қасиеттерін, өмір сапасы мен түрін толығымен анықтайды.

Негізгі бөлім. Дамудың осы әлеуметтік жағдайында іс-әрекеттің жетекші түрі (типi) пайда болады және қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі баладан мектеп оқушысына ауысу оқушының әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнының, бүкіл өмір қалпының айтарлықтай өзгеруімен сипатталады. Мектепке қадам басу – бұл өмірдің бетбұрыс кезеңі, жаңа өмір салты мен іс-әрекеттің жаңа жағдайына, қоғамдағы позицияға, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа ауысу кезеңі. Оқу міндетті қоғамдық маңызды іс-әрекетке айналады, ол үшін мұғалім, отбасы және мектеп алдында жауап береді. Оқушының өмірі барлық білім алушыларға бірдей қатаң ережелер жүйесіне бағынады. Осы кезеңде баланың қоғамда да, отбасында да мәртебесі өзгереді, ол – бұл кезеңде жауапты тұлға, оқушы. Оқушының үйренетін тиімді байланыс құралдары басқа адамдардың оған деген қатынасын анықтайды [4, 110].

Бастауыш сынып жасында оқу, яғни білімдерді игеру жетекші іс-әрекеттік сипатқа ие болады. Л.С. Выготскийдің пайымдауынша, оқу іс-әрекеті – теориялық білім, білік және дағдыларды игеруге бағытталған оқушы іс-әрекеттерінің бірі [1, 78].


В.В. Давыдов оқу іс-әрекетінің қажеттілігі мен себептерінің бір түрі – бұл ақиқатқа теориялық қатынас және соған сәйкес бағдарлау әдістері деп атап өтті. Осы жас кезеңінде баланың психикасының дамуында болатын маңызды өзгерістер дәл осы оқу іс-әрекетімен анықталады. Бұл жағдайда психикалық дайындық мектеп жасына дейінгі баланың мектепте оқуды бастау үшін қажетті даму деңгейі тұрғысынан қарастырылады және ол өз кезегінде организмнің физиологиялық жүйелерінің жетілуімен тығыз байланысты.

Д.Б. Элькониннің пікірі бойынша «оқу іс-әрекеті мектеп жасында жетекші іс-әрекет болып табылады, өйткені, біріншіден, сол арқылы баланың қоғаммен негізгі қатынастары жүзеге асырылады және жеке психикалық процестер дамиды» [5, 319]. Д.Б. Эльконин мотивация, оқу міндеттері мен операциялары, бақылау, бағалау сияқты оқу қызметінің компоненттерін анықтады. Атап айтқанда, ол өзіндік жұмыс тәсілдерінің көмегімен білімдерді игеруге көмектесетін танымдық мотивтерді, өзін-өзі жетілдіруді және жауапкершілікті дамытатын, айналадағы адамдармен қарым-қатынаста әлеуметтік позицияға ие болуға және олардың мақұлдауына ынталандыратын әлеуметтік мотивтерді жатқызды. Жеке мотивтер жақсы баға алуға және мадақталуға мүмкіндік береді [6, 98].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті – жас ұрпақты қоғамдық қатынастар жүйесіне, ашық ұжымдық қызметке енгізудің негізгі тетіктерінің бірі, оның барысында кез-келген ұжымдық іс-әрекеттің негізі болып табылатын құндылықтар мен нормалар сіңіріледі. Оқыту сонымен қатар кіші жастағы оқушылардың бойында жаңа біліктердің, қасиеттердің дамуына ықпал етеді, мысалы: жеке және интеллектуалды рефлексия, психикалық процестердің еріктілігі, ішкі әрекет жоспары.

Сегіз жасқа қарай оқушының интеллектуалды даму деңгейі ересек адамның дамуынан едәуір жоғары болады (Л.С. Выготский, М.М. Кольцова, С.Лупан). Негізгі өзгеріс психикалық процестердің еркін сипатына байланысты, яғни бастауыш сынып оқушысы қабылдауды, ойлауды, есте сақтауды, белгілі бір деңгейде эмоциясы мен қиялын басқаруды үйренеді. Оқушының сыртқы өмірін қайта құрылымдау дамыған сайын оның ішкі психикалық өмірі қайта құрылады. Алайда бұл даму көбінесе қоршаған ортаның жағдайларына байланысты болады, олар бұл дамуды ынталандыруы немесе керісінше тежеуі мүмкін [7, 19].

Бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік дамуындағы келесі аспектіні атап өткен жөн. Егер мектепке дейінгі балалық шақта оның қоғамға қосылуы – ең жақын ортасы – отбасына, содан кейін ғана жақын қоғамды қабылдауға ұласады [1-сурет]:



1-сурет. Әлеуметтік даму және таным салалары

Әлеуметтік дамудың келесі кезеңінде бұл көрініс біршама өзгереді.

Оқушы үшін ең жақын маңызды орта – бұл оның білім алу ортасы (сынып) және мұғалімі (бірінші мұғалімі). Бұл өзгеріс әлеуметтік жағдайды түсінуге де әсер етеді. Дәл осы қоршаған ортаның субъектіге қатынасы көп жағдайда бізде болып жатқан барлық нәрсеге деген көзқарасымыз бен мінез-құлқымызды қайта қарауға мәжбүр етеді. Сондықтан кіші мектеп жасында бала әлеуметтік әсер мен ықпалға сезімтал.

Мен психологтардың ғылыми зерттеу еңбектерінде, өмір тәжірибесінің өзі де мектептегі білім берудің басталуы бала дамуының әлеуметтік жағдайының түбегейлі өзгеруіне әкелетінін растайды.

Мектепке дейінгі жастан кіші мектеп жасындағы оқушыға ауысуы жеті жас дағдарысымен байланысты болуы кездейсоқ емес. Дағдарыстың басталуы, әдетте, баланың мектепке қабылдануымен сәйкес келеді, мектепте оқи жүріп, ол белгілі бір жауапкершіліктің жүктелгенін түсінеді және оны қабылдауға дайын, өйткені ол ересек болуға талпынады, бірақ бар білімі мен дағдылары ол үшін әлі жеткіліксіз екенін түсінбейді. Мектепте оқу кезеңі жақындаған кезде балалар өздерін мектеп оқушылары, мектеп өмірінің қатысушылары ретінде қабылдай бастайды, өздерінің әлеуметтік «Мені» туралы бірінші рет біле бастайды.

В.Н. Дружининнің пікірінше, жеті жылдық дағдарыс көбінде баланың әлеуметтік «Менін» түсінуімен байланысты. Бұл баланың психологиялық портретінің өзгеруіне, оның әлеуметтік ортамен қарым-қатынас жасау тәсілінің айтарлықтай қайта құрылуына әкеледі. Мектепке дейінгі жаста ойын барысында немесе ересектердің қолдауымен ғана көрініс табатын баланың еркіндігі 6-7 жастан бастап баланың ішкі жетістігіне айналады, өмірінің түрлі салаларына тарайды.

И.В. Дубровинаның анықтамасына сәйкес, бұл – жеке тұлға құрылымы мен белсенділігінің ерекше түрімен, сонымен қатар баланың өзіне және айналасындағы адамдарға деген қатынасымен сипатталатын дамудағы жетістік [8, 315]. Балалар тәуелсіз болады, белгілі бір жағдайларда қалай әрекет ету керектігін өздері таңдайды және т.б. Мінез-құлықтың бұл түрінің негізі осы жаста қалыптасатын әлеуметтік қатынастар, қалыптасатын моральдық мотивтер болады. Осы жаста балалар қоғамдық ұстанымдарды бойына сіңіреді және белгіленген заңдар мен ережелерді сақтауға бейімделеді.

Адамның ішкі позициясы – бұл бастауыш мектеп жасындағы баланың негізгі игерген жаңа қасиеті. Л.И. Божович ішкі позиция – бұл барлық жас кезеңдерінде адамның әлеуметтік позициясына қатынасын анықтайтын өзіндік сана-сезімнің белгілі бір түрі. Осыған қарамастан, балалық шақтағы ішкі позиция, әдетте, жеке ерекшеліктерден гөрі жас ерекшелігіне байланысты, сондықтан жас – нормативтік сипатқа ие. Оқушының позициясы – баланың қоғамдағы жаңа позициясы міндетті, әлеуметтік маңызды және әлеуметтік бақыланатын білім игеру іс-әрекетінің пайда болуымен сипатталады [9, 250].

В.С. Мухинаның пайымына сәйкес, мектеп табалдырығын аттау және білім игеру сияқты жаңа әлеуметтік жағдаймен байланысты балалардың тұрмыс-тіршілігі қатаяды, яғни бүлдіршіннен жауапкершілікті, ерікті және тәртіпті болуды талап ететін қатаң қалыптағы қатынастар әлеміне енеді.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушы міндеттерден басқа жаңа құқықтарға ие болады, атап айтқанда: оқу құралдарына ие болу құқығы, ересектердің құрметіне. Оқушы «қоғамдық» объектіге айналады және әлеуметтік маңызды құқықтар мен міндеттерге ие, оны орындай отырып, ол қоғамның бағасына да ие болады [10, 415].

Дәл осы жаңа жағдайларда оқушының ішкі позициясы қалыптасады, яғни бұл жерде жаңа деңгейде әрекет ететін танымдық және ересектермен қарым-қатынас жасау қажеттілігінің өзара тығыз байланысуынан туындайтын оқушының қоршаған ортаға деген жаңа қатынасы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушылары туралы көптеген еңбектерде оқудың ішкі детерминанты болып табылатын баланың жеке инстанциясын сипаттайтын осы ұғым қолданылады (Н.И. Гуткина, Д.В. Любовский, М.Р. Гинзбург, Т.А. Нежнова және т.б.). Сонымен Н.И. Гуткина оқушының ішкі позициясының пайда болуын баланың жаңа білімді игеру қажеттілігінің пайда болуымен ғана емес, сонымен бірге танымдық қажеттілікті жүзеге асыра отырып, ересектермен жаңа әлеуметтік қатынастарға түсу қажеттілігі арқылы түсіндіреді. Бұл баланы білім игеру іс-әректіне қосу арқылы мүмкін болады. Оқу жетістігі баланың әлеуметтік мәртебесін арттырады және ересек адамдармен қарым-қатынастың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді [11].

Л.И. Божович «бала тіршілік ететін объективті қатынастар қалай және қандай жағдайда ол үшін қарым-қатынасқа айналады (яғни ол үшін жеке мәнге ие болады), ондағы ересек адамдар (мұғалім, тәрбиеші) қандай рөл атқарады?» және осы қатынастар болған кезде баланың жеке қасиеттері қалай қалыптасады» деген сұрақтар қойды. Бұл сұрақтар бастауыш сынып оқушысына қатысты [9, 61].

Л.С. Выготский «оқыту дамудың алдында жүреді және оны алға жетелейді» деген [11, 5]. Бұл дегеніміз бастауыш сыныпта балалар әлеуметтік талаптарға сай болуды ғана емес, сонымен қатар оқушы, білім алушы сияқты жаңа рөлді игереді, оған бейімделу кезеңінен өтеді. Бастауыш сынып оқушысы үшін дамудың әлеуметтік жағдайының өзгеруінің мәнін ересектермен қарым-қатынасы, олармен қарым-қатынас жасаудың рөлдік репертуары құрайды.

Стандартты емес жағдайда өзін-өзі игере алмайтын оқушылар стандартты емес мінез-құлыққа ие болады. М.Тышкovanың ойынша, бастауыш сынып оқушылары қимыл-қозғалыс әрекеттерін басқаруды қажет ететін жағдайларда үлкен қиындықтарға тап болады; бастауыш сынып оқушылары басқа сынып оқушыларына қарағанда мақсатты іс-әрекеттерден жиі ауытқиды; олардың қиындықтарға қатысты реакциясы, әдетте, әрекеттен және нәтижеге жетуден бас тартумен сипатталады. Бастауыш мектеп оқушылары өздерінің жетістіктерін асыра бағалайды және сонымен бірге, өз сәтсіздіктерін бағалай алмайды («перцептивті қорғаныс» деп аталады).

Оқушының жеке басында қиындықтар тудыратын жағдайлар: мектептің немесе мұғалімнің ауысуы; үлгеріміне байланысты ұзақ қобалжулар; мұғалімнің авторитарлығы және оқушы үлгерімінің төмен болуы, оқу материалын игере алмаған жағдайда бір тәсілді баса пайдалануы.

Осындай мән-жайлар оқушының бойында жағымсыз қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Психологтар оқушының іс-әрекеті (дидактогендік факторлар) оның мектепке бейімделе алмауының себептері емес, нәтижесі болатындығын ескертеді. Жеке жағдайларды терең клиникалық талдау келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: мектепте оқушының дезадаптациясының себептері оқушының жеке басының ерекшеліктерінде жатыр. Осыған байланысты бірдей білім беру жағдайында кейбір балалар дидактогенез әсеріне тұрақты болып келеді, ал кейбіреулері тіпті өте әлсіз психогендік жағдайларға сезімтал болады [12, 27-33].

Көріп отырғанымыздай, оқу қызметін меңгеру барысында бала мектепте белгілі бір баға алады, бұл оның «Мен-тұжырымдамасын» қалыптастыруда өте маңызды. Баланың өзін-өзі бағалау деңгейіне жақын адамдардарының оның жеке тұлғанысын қабылдауы тәуелді. Бұл баланың әлеуметтік рөлін, әлеуметтік қатынастардағы жаңа позициясын түсінуіндегі маңызды кезең. Бір-бірін қабылдаудың ең жоғарғы деңгейі өздерін тепе-тең бағалайтын ортада байқалады, төмен деңгейі өзін-өзі төмен бағалайтын ұжымда қалыптасады, яғни адамдар өзін төмен бағалайтын адамдарды қабылдамайды. Өзін, өзгелерді және басқаларды қабылдау арасында аса тығыз байланыс барын ескеру керек.

Өзін қабылдаудан басқа, айналадағы адамдардың, әсіресе жақын адамдардың қабылдауы өте маңызды. Жаңа адамдармен таныса алмау және бұрыннан танысымен тіл табыса алмау – бұл ауытқу белгілерінің бірі. Басқаша айтқанда, жағымсыз «Мен-тұжырымдама» белгілі бір әлеуметтік адаптациямен байланысты. Бұл жағдай әр түрлі жолмен көрініс табуы мүмкін: сондықтан көбінесе өзін төмен бағалайтын оқушылар құрдастарының арасында білінбейтін болуы мүмкін, мектеп пен қоғамдық өмірге қатысқысы келмейді, олар өздерін қорғай алмайды және жалпы өз пікірін айтуға қорқады.

Осындай оқушылар құрдастарының арасында сөз айтуға қысылады, ұялады, сыртқы өмірден оқшауланады. Нәтижесінде басқалармен өзара әрекеттесуі шиелене түседі. Өзіне деген сенімділігі жеткіліксіз, құндылығын білмейтін оқушыға ықпал ету оңай, нәтижесінде олар үшін шешімді басқа адамдар қабылдайды және бұл жағдайда оның басқалардың көңілінен шығуға деген ұмтылысы өте зор

болады. Басқа адамдарды құрметтеу үшін, ең алдымен, өзін адам ретінде құрметтеу қажет. Өзіне сенбейтін оқушы өзгелерге сене алмайды. Әр адам басқалардан бөлінген бөлек әлем [13, 305].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы мен зеректігі негізінен оқу процесінде қалыптасатыны анық, сондықтан оларды мақсат қоюға, міндеттерді тұжырымдауға, өзін-өзі ұстай білуге және өзін-өзі басқаруға үйрету маңызды. Ол үшін оқушыны өзі туралы тиісті білімге ие болуға және өзін бағалай білуге үйретуіміз керек. Өзін-өзі бақылауды дамыту – оқытудың маңызды сапасы. Мектепке келу, жаңа іс-әрекеттің – оқудың пайда болуы өзін-өзі бағалаудың келесі кезеңін анықтайды.

Жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш сынып оқушылары өзін-өзі бақылауды негізінен ересектердің басшылығымен және осы процесте құрдастарының қатысуымен жүзеге асыра алады. Бастауыш мектеп жасындағы балада өзіндік сана-сезімнің дамуы біртіндеп артып келе жатқан өзіне деген талап пен сыншылдықта көрінеді. Бірінші сынып оқушылары өздерінің оқу әрекеттерін негізінен оң бағалайды, ал сәтсіздіктер өздеріне тәуелді емес жағдайлармен түсіндіріледі. Бастауыш мектептің 2, 3 және 4 сынып оқушылары онсыз да өздеріне сынай қарайды және мектептегі жетістіктерді ғана емес, сәтсіздіктерді де бағалайды. Егер бірінші сынып оқушысының өзін-өзі бағалауы сыртқы бағалауларға және ересектердің оған деген көзқарасына байланысты болса, 2, 3 және 4 сынып оқушылары өз жетістіктерін өз бетінше түсінеді, объективтілікке қабілетті, кейде олар мұғалімнің бағасын да сынға алады.

Өзін-өзі бағалау тұрақты болған кезде бастауыш сынып оқушысының оқу іс-әрекетінде ынта, таным күшейеді. Бұл – бастауыш мектеп оқушысының әлеуметтік дамуындағы белгілі жетістік.

Бастауыш сынып оқушылары өздерін және айналасындағы адамдардың мінез-құлқын бағалауға қатысты адамгершілік нормаларын басшылыққа ала бастайды. Балада азды-көпті тұрақты мораль идеялары дамиды, өзін адамгершілік тұрғысынан реттеу қабілеті дамиды.

Т.В. Архиреева бастауыш сынып оқушыларында «Мен-идеал» ұғымдарының аз өзгеретінін, аз дараланатынын және негізінен әлеуметтік нормаларды ғана игеретіндігін баса айтады. Бірінші сыныптан үшінші сыныпқа көшу кезінде мектеп оқушыларының бойында өзін-өзі сынау деңгейі жоғарылайды, бұл әсіресе мектептегі үлгерімінде айқын көрінеді. Бастауыш сынып оқушыларының арасындағы өзін-өзі бағалаудың рационалды және эмоционалды компоненттерінің үйлесуі «Мен-нақты» және «Мен-идеалдың» біртіндеп алшақтауына алып келеді және ол өзін-өзі құрметтеу сияқты субъективті бағалау компонентінің қалыптасуымен байланысты.

Бастауыш сынып оқушысы өзін-өзі бағалау идеясындағы «жақсы - жаман» логикасындағы «ақ-қара» идеясынан біртіндеп алшақтайды. Уақыт өте келе ол «жақсы оқушы» мен «жақсы» арасында айырмашылықтар барын түсінеді; «жақсы» мен «қабілетті, ақылды, ұқыпты, өзін қорғай алатын» арасындағы айырмашылықты да түсіне бастайды. Дәл осы жаста осындай айырмашылық туралы білуі норма болуы керек. Сонымен бірге оқушының нақты мінез-құлқы, оның қасиеттері мен іс-әрекеттері әлеуметтік нормалармен және идеялармен сәйкес келмеуі мүмкін [14, 29-37].

Қорытынды. Сонымен, оқыту процесі баланың оқу іс-әрекетінің мазмұны мен сипаттамаларын белгілейді. Бастауыш мектеп оқушыларының әлеуметтік интеллектісінің қалыптасуы мен дамуы оқу, тәжірибе мен білімді кеңейту арқылы жүреді. Сол себепті қазіргі мектептегі білім берудің басты мақсаты қоршаған социуммен әр түрлі, оңтайлы өзара әрекеттесуге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сыныптардағы оқу жағдайы олардың әлеуметтік интеллектісі қалыптасатын және дамитын жағдайлар туғызуы керек. Бастауыш сынып оқушысының интеллектісі – бұл оқушының игеретін әлеуметтік білім, қабылдау, эмпатия, өзара әрекеттесу және т.б. негізінде дамитын қоршаған тіршілік кеңістігінде түрлі маңызды міндеттерді шеше отырып (әлеуметтік және жеке) бағдарлай алу қабілетінің ажырамас бөлігі.

Бастауыш сынып оқушыларында көптеген бірқатар жағымды өзгерістер орын алады, бұл – оқу іс-әрекеті мен қоршаған әлемге деген танымдық талпынысты қалыптастыруға, өзін-өзі реттеу және ұйымдастыру дағдыларын дамытуға аса қолайлы кезең. Мектептегі оқытудың нәтижесінде балалардың дамуының барлық салалары сапалы түрде өзгереді, қайта құрылады. Олардың өзін-өзі тануы қарқынды дамып, нығайып, жаңа құндылықтармен толықтырылады. Балалардың мәдени сөйлеуді меңгеруі оларды психикалық және ақыл-ой дамуының жаңа кезеңіне бағдарлайды. 7 жастан 11 жасқа дейін балалар өздерінің, әрине, әлеуметтік ықпалға ұшырайтын тұлға екенін түсіне бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вьготский Л.С. *Вопросы детской психологии.* – СПб.: Союз, 1997. – 220 с.
2. Божович Л. И. *Проблемы формирования личности. Избр. пси-хол. тр. /Л.И. Божович; под ред. А.А. Бодалева.* – М.: Изд-во Моск. психол.-социал. ин-та. – Воронеж: МОДЭК, 1995. – 350 с.

3. Матюхина М.В. Психология младшего школьника. – М.: Просвещение, 1976. – 208 с.
4. Основы педагогики и психологии младшего школьника [Текст] / А.Ю. Нагорнова [и др.]. – Ульяновск: Изд-во УлГПУ, 2012. – 329 с.
5. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.
6. Сапогова Е.Е. Психология развития человека. – М.: Аспект Пресс, 2005. – 460 с.
7. Баранова Э. А. Диагностика познавательного интереса у младших школьников и дошкольников. – СПб.: Речь, 2005. – 128 с.
8. Возрастная и педагогическая психология. Учеб. пособие для студентов пед. вузов / [сост. И.В. Дубровина и др.]. – М.: Академия, 2003. – 368 с.
9. Божович Л.И. Проблемы формирования личности [Текст]: избр. пси-хол. тр. / Л. И. Божович; под ред. А.А. Бодалева. – М.: Изд-во Моск. психол.-социал. ин-та; Воронеж: МОДЭК, 1995. – 350 с.
10. Мухина В.С. Возрастная психология: детство, отрочество, юность [Текст]: хрестоматия / В. С. Мухина, А.А. Хвостов. – М.: Академия, 2007. – 624 с.
11. Гуманистические тенденции в развитии непрерывного образования взрослых в России и США [Текст] / под общ. ред. М.В. Кларина И.Н. Семенова. – М.: ИТПиМЮ РАО, 1994. – 189 с.
12. Тышкова М. Исследование устойчивости личности детей и подростков в трудных ситуациях // Вопросы психологии. – 1987. – № 1. – С. 27-33.
13. Хрипкова А.Г. Мир детства: младший школьник. – М.: Педагогика, 1981. – 400 с.
14. Архиреева Т.В. Становление критического отношения к себе у детей младшего школьного возраста [Текст] / Т.В. Архиреева // Вопросы психологии. – 2005. – № 3. – С. 29-37.

References:

1. Vygotsky L.S. *Quaestiones puer psychologia*. - SPb.: Soyuz, 1997. – 220 с.
2. Bozhovich L.I. *Quaestiones personae formatione*. Ext. psi-hol. tr. / L. I. Bozhovich; edited by A. A. Bodalev. - M.: Publishing House of Moscow. psychol.- socialis. in-ta. - Voronezh: MODEK, 1995. - 350 p.
3. Matyukhina M.V. *Psychologia a junior schola discipulus*. - Moscow: Prosveshchenie, 1976. – 208 p.
4. *Fundamenta paedagogia et psychologia, minor schoolboy* [Text] / A. Yu. Nagornova [et al.]. - Ulyanovsk: Libellorum Domus UISPU, 2012. – 329 p.
5. Elkonin D.B. *Delectus animi operatur*. - M.: Pedagogika, 1989. – 560 p.
6. Sapogova E.E. *Duis progressionem humanam*. - M.: Ratione Torcular, 2005. – 460 p.
7. Baranova E.A. *Diagnostics cognitiva interest minor scholarum et preschoolers*. - SPb.: Oratio, 2005. - 128 p.
8. *Aetate et educational psychologia. Studiis.manibus enim alumni ped. universitates* / [ad primum sic proceditur. I.V. Dubrovina et al.]. - Moscow: Akademiya, 2003. – 368 p.
9. Bozhovich L.I. *Quaestiones de ingenii formationem* [Text]: izbr. psi-hol. tr. / L. I. Bozhovich; edited by A.A. Bodalev. - M.: Publishing House of Moscow. psychol.- socialis. in-ta; Voronezh: MODEK, 1995. - 350 p.
10. Mukhina V.S. *Aetate psychologia : pueritia, adolescentia, iuventus*, [Text]: anthology / V. S. Mukhina, A. A. Khvostov. - Moscow: Akademiya, 2007. – 624mm p.
11. *Humanitatis trends in progressionem continua adulta educationem in Russia et USA* [Text] / ed. per M. V. Klarin et I.N. Semenov. - M.: ITPiMIO RAO, 1994. – 189 p.
12. Tyshkova M. *Inquisitiones de statu personae, pueros et adulescentes in difficilioribus condicionibus*. *Voprosy psikhologii*. – 1987. – № 1. - Pp. 27-33.
13. Khripkova A. *G. mundo pueritia: a junior schoolboy*. - M.: Pedagogika, 1981. - 400 p.
14. Arkhireeva T.V. *formatio discrimine animum ad se in filios primaria schola aetate* [Text] / T. V. Arkhireeva // *Voprosy psikhologii*. – 2005. – № 3. - Pp. 29-37.

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.34>

А.Қ. Ахметова¹, Л.О. Бірімғазина¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан